

АНА ТІЛІ – АР МЕН САНА-СЕЗІМ, НАҒЫЗ ҰЛТТЫҚ ТҮЛГА ӨЛШЕМІ! (II-бөлім)

Тіл әрбір адамға қандай қымбат болса, ұлт үшін де сондай қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлттың күні қаран. ұлттың ұлт болуы үшін қажетті бірінші шарт — тіл. Тілінің кемі бастауы — ұлттың құри бастағанының белгісі. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмауы тиіс. Ұлттық тілінен оның жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айқын көрініс береді. Қазақ тіліне қазактың байтақдаласы, басынан кешкен алуан көшпелі тұрмыс-тіршілігі, тарихы, даладай дарқан, кенпейіл мінезі түгелдей сыйған. Қазактың даласы қандай кең болса, тілі де сондай бай.

Тіл — адам жаңының тілмәші. Тілі кем болса, адамның кор болғаны. Ойың толып тұрып, айтуға тілін жетпесе, одан үлкен азап жоқ. Сөз болмаса, адамды біліп болмас еді. Атын атап, сөзбен бекітіп тастамасақ, жанды суреттер, ұғымдар тумас еді. Сөз болмаса, адамдар сөз арқылы бірін-бірі ұғынып түсінбесе, жер жүзінде адамзат тіршілігінің болуы да неғайбіл. «Ана

тілі — ар өлшемі», «Тіл халықтың өмірі» — деп, ана омырауынан ажырамаған кезден-ақ, бебегін Ана тілінің ак узызымен уыздандыра бастаған. «Ана тілі адамның ғұмыр бойғы серігі, рухани қуаты, крестегі құралы», — деп ата-бабамыз нықтап ескерткен.

Сапалы сөз ұлттық сипаты бар сөз адам санасына рух берері хак. Мысалы, «Қайда кетіп баrasын, қызу казақ?» Кез келген ұлтжанды, саналы адам бұл сөзге елең етіп, шынымен бұл қазақ қайда барады? — деп еріксіз ойлануы мүмкін. Болмаса: «Қайда менің намысқой нар қазағым?» Осы ой түрткі болса, ол шынымен еңсесін көтеріп, айналасынан намысқой қазақты іздейді. Міне, сөз қасиеті деген осы. Қазақ сөзге тоқтаған, өзгені де бір ауыз сөзбен тоқтаткан. Ақын тілімен айтсақ:

«Ешбір күш шындық ізін өшірмейді,
Сөз — семсер, кияннатты кепірмейді.
Айткан сөз атқан оқпен сабактасып,
Тілмен түйген қолменен шешілмейді».

Расында, тілмен түйгенді қолмен шешу жоқ. Оған

еш құдірет шек келмейді. Осыны білген дана бабала-рымыздың қара сөзінің құдіретін жас ұрпаққа үйрету арқылы олардың сөз қорын байытып, ана тілінің мәртебесін көтеріп, тілдің тіршіліктерін мәніне ежелден ерекше қоңіл бөлгөн. Сондықтан да «Өнер алды — қызыл тіл» дейді (С. Мұжанов); «...Өз тілін, әдебиетін білмеген, қадрлемеген адам толық мәнді интеллигент емес» (М. Әуезов); «Баланың сөз қоры жеткілікті болғанда ғана өз пікірін айтып, басқалардың сөздерін дұрыс үға алады» (Т. Тәжібаев); «Ана тілін жақсы менгеріп алмай тұрып, пәндерді түсіну мүмкін емес» (Ж. Айма-уытов); «Сөз қоңілге сипат жағының көркемдігімен мағына жағының құштілігімен жағады» (А. Байтұрсынов); «Тіл қаруы — сөз, сөз қаруы — ой. Ақылды ой, алғыр сөз — адамның ең жоғары қасиеті», «Естілердің айткан сөздерін ескертпік жүрген кісі өзі де есті болады» (Абай); «Сөздің саласын табу қын емес, Анасын табу қын» (Жамбыл); «Жақсының сөзі майдай, жа-манының сөзі наизадай» (Қашаған); «Пайдаласыз мың сөзден бармактай ғана пайдалы іс артық» (Ф. Мұста-фин); «Ой көрігінен сомдалып шықкан сөздің шынай-ысы да, жалғаны да болады» (әл-Фараби); «Әр халықтың ана тілі — білімнің кілті. Біздің жастарымыз ана тіліне жеткі, білімді, мәдениетті болсын» (А. Жұбанов); «Ана тілін ұмыткан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» (Ф. Мұсірепов); «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбей» (С. Торайғыров); «Өмірде құны ескірмес, бағасы құнды асыл сөз» (С. Аронұлы); «Жақсы сөзді ел жаттар, ел жаттар сөзде салмақ бар» (Ж. Жабаев). Ана тілін жақсы білген бала, басқа тілді (ағылшын, француз т.б) тез менгереді (К. Оразбекова).

Енді ана тілінің құдіретін тануда, бағалауда айырықша мәні бар өлеңдерге қоңіл бөлейік:

«Туган тілде сырлы терең жаным бар,
Туган тілде мың-мың ыстық қаным бар.
Туган тілде әнім менен сөнім бар,
Туган тілім — жүрек үнім, наныңдар.
Нанбасандар,
Жүргінді суырып-ақ алышадар!»
(Д. Әбілев).

Сүйемін туган тілді — анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,
Кұлағыма сіңірген таныс үнін.
Сол тілменен үйрәндім нәрсе аттарын,
Сол тілменен әдетті мен жаттадым.
Ең бірінші сол тілменен сыртқа шықты
Сүйгінім, жек көргенім, ұнатқаным
(С. Торайғыров).

Осы жоғарыдағы айтылған тұжырымдар қазақ ха-лықының көрнекті ақын-жазушы, оқымыстыларының

тілдің мән-мазмұны, тіршіліктері орны, ана тілін аялай білу жөнінде айтқан салиқалы ой-пікірлер. Осындай ойды басқа ұлт өкілдері де айтқан: «Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза, әрі бай тілге жатады. Қазақтар — шешен, әрі әдемі сейлеудің үлкен шебері», — деген П.М. Мелиоранский.

Тіл — сезіміміздегі, арманымыздың, ойымыздың, әрекетіміздегі әсем сәулет өнерінің сөзге айналған әлемі. Сүйгенімізді, жек көргенімізді, өкпемізді, дұғамызды және балағатымызды тіл арқылы жеткіземіз, күнделікті өмірімізді тілмен көркейтіміз. «Тіліңе ие бол! Тілінің мүмкіншіліктерін біл! Тілінді ұмытпа» деген Корқыт баба. Біздің пікірімізше, Корқыт бабаның моральдық-психологиялық қағыдалары, оның өз ана тілін аса қадір тұтып, құрметтеуі ерекше атап өтуді қажет ететін жэйт. Ол адамдарды тәртіпке салу, елдің бейбіт, бай өмір сүруі жөнінде қам жеу — бұл бәрінен бұрын халық иғілігі үшін қызмет ету деп тұжырымдайды. Ал тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны жайында Жүсіп Баласағұни былай дейді:

«Ақыл, білім, тілмашы — тіл, бұл кепіл,
Жарық төгіп, елжіретер тіл деп біл!
Тіл қадірлі етер, ерге бақ конар,
Кор қылар тіл, кететұғын бас болар.
Тіл — арыстан есік бақкан ашұлы,
Сақ болмасан жұтар, ерім, басыңды!

Саналылық, сананың самалға шомылғандай сәулеленуі, терен ойлап, таза сөйлеу — Абай арманың бір арнасы болған.

Әлем болмысының, дүние құпиясының сырын білгендерге тірлік ету онайлай түседі, ондай азамат өз жүртүшін да күнкөрісін женілдетуге болысады. Енде-ше, терендең ойла, тұңғиыққа бойла. Абай осыны ұла-ғат етеді.

«Үқпассын, үстірт қарап бұлғақтасан,
Суретін көре алмассын, көп бақпасан.
Көлеңкесі түседі көкейіне,
Әр сөзін бір ойланып, салмақтасан».

Осынау төрт жолдағы сөздің мағынасы білім терудің, ғылым қуудың, өркениет әлеміне қадам басу-дың бұлжымас ережесі, өзгермейтін жарғысы тәріздес. Әрбір мектеп қабырғасына, әрбір институт пен университет аудиторияларына ұран түрінде іліп қоятын ізгі қағида — осы. Даламызда ағарту үрдісі енді ғана қаз тұра бастаған тұста халқына ұсынған бабамыздың бұл өсиеті, өз көкейкестілігін бүтін де, болашакта да жой-мақ емес.

Теріс пе насиҳатым бұл біл өзің,
Ортага жарап еді мешіт салсан.
Намазды каза қылмай барып тұрсан,

«Мынауың өтірі» деп бетке түкір
Жоқ болса бұл сөзімнің орны, казак.

Бұл жерде тағы бір айтарымыз ұстазы Абай мен шәкірті Шәкәрімнің сөздеріндегі ой желісінің казак жағдайын суреттеу үндестігі. Екеуінің сөзі бір өзектен, бір қолдан шыққандай. Екеуі де ел қамын жеген ерлері, сөзін сейлеп, жағдайын ойлаған шешендері, білімпаз ғажайып мұра калдырыған қазақ перзенттері. Абай өлеңі — құн сайын құрделеніп, жыл түгендең, жасанып, ғұмыр бүтінде жаңара тұсті. Абай — қоғам мен адамның рухани бапкері — ақыл мен ойдың әлем деңгейіндегі бағбаны. Абай — тұтас бір халықтың, мыңмен жалғыз алысқан алыбы.

...Абай десем — есіме ер түседі,
Қалың елім — құнарым — жер түседі.
Абай десем — есіме казак түсер —
Күрмелген гажап түсер,
Күнірекен азап түсер —
Абай десем — есіме тегім түсер,
Есем кеткен ескіге кегім түсер.

Қазақ кеңдігін де, елдігін де, кеменгерлігі мен көсемдігін де сөзге сыйғызған жұрт. Оның тарихы да, тағдыры да, тәлімі мен тәрбиесі де, даналығы мен дала көnlіл де сол сөзде жатыр.

«Дүние-мұлік, қазына құні жетіп тозады,
Айтылған асыл дана сөз уақыттан озады»,

— сез сөйлесен біреуге қыздырып айт, құлдіріп айт. Жел ессін, дария шалқысын, ой аунақшысын. Қанжардай қадал, оқтай тесіп шындықты батыл айт. «Көре тұра айтпасан көргенсіз дер, біле тұра айтпасан жетесіздер», — деп қариялар өлер кезеңінің өзінде қоштасып, бір ауыз ақырғы сөзін ұрпағына айтып кеткен. Мысалы, Бұхар жырау қатты ауырып, енді сауықпайтынын сезгенде, төбениң басына шығаруын өтінеді. Халін сұрай келген көпшілікке: «Есен-саусындар ма, халқым!» әмсес есендікте болындар! Береке — бірлікте. Бірлік отын сөндірменіздер. Құт жерлерінде аман-есен жарқын өмір сүріндер», — деп көз жұмады. Міне, адам мен қоғам арасындағы ұқастық, яғни адамның кісілік қа-ситеттері белгілі тарихи дәуірдегі қоғамдық катынастардан, болмыстық идеялік бейнесінен көріні. Қозқарас адамның айналадан, коршаған дүниеден қабылдаған ер түрлі құбылыстары мен заттары туралы ұғымының жиынтығығана емес, ол түрлі нақты фактілер арқылы жинақталып, қорытылған, ғылым негіздермен байытылған білімдерден тұратын сана. Қалыптасқан көзкарас бойынша адам өзінің қоғамдағы, тарихтағы орнын түсініп, тіршіліктің мәніне жетіп, іс-жүзінде, саяси мәдени өмірде де орнын айқынайды.

Жан көріністерінің ең кымбатты — ой. Ой тілі —

сөз. Қазақ тілі — өзінің даласындаған кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Оған қысылып-қымтырылып, ерін ұшынан шүлдірлеп-былдырлау мүлде жат. Қазақ неңін айтса да, ауызды толтырып айтады. Қазақ сөзі қашанда дааланың қоңыр желіндегі анқылдаған еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы макамы — домбыраның күмбір каккан сазындаған. Асқақ әуендейлігі — шырқап салар әніндей. Шешендерден шыққан кара сөздің өзінде өлеңге бергісіз келісім, іштей үйлескен ырғақ болады. Сөз бен сөз, дыбыс пен дыбыс өзара үйқасып, жымдастып жатады. Тындаушысын бірден ұйытып әкететін осы үндестік пен есем ырғақ, құлақ түбінде хрустальдай сыңғырлап, қазақ тілін сұлу да сиқырлы етіп көрсетеді. Кейде қазақ болып туганың үшін және әлемдегі ең бай, ең сұлу тілде сөйлегенің үшін өзінді бақытты сезінесін. Оны мына Қожаберген жырау мен К. Жұмаділов өлең жолдарынан анық көреміз:

Асан қайғы, Жиренше
Сойлеп өткен қазақ тіл.
Жәнібек, Қойлыбай
Сыйлап өткен гажап тіл.
Ата-анамыз әлділеп,
Уаткан бізді баба тіл.

Сол туган тіл атаяу —
Ежелгі біздің қазақ тіл.
Осы тілді жек көрген
Дүниеден калар күр.
Багаласаң шынымен,
Баба тілің – асыл-дур.

Мұстафа Шоқай білімділікке қол жетудің басты шарты — адамның ұлттық рухының құшті болуына байланысты дейді. Оның пікірінше, ұлттық рухтың көтерілуі, оның негізі — ұлттық тіл болып табылады.

«Көне Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығаруға құқымыз жоқ болатын... мектептерде біздің тіліміз оқытылмайтын». Автор патша үкіметі кезінде «бұратана» (орыс емес) халықтардың тілінің дамуына кісен салынғанын, мұның олардың ұлттық сана-сезімінің дамып, қалыптасуына үлкен зиян келтіргенін айтпа келіп быладай дейді: «Ресейдің оқу орындарында, әсіресе, техникалық оқу орындарында амалын тауып оқып жатқан Түркістан жастары өз тілінен шала сауатты, тіпті мүлде макрұм қалды. Сол себепті мұндай оқымысты түркістандықтар халқының қажеттері мен таланттары тұрғысында пайдалы қызмет атқара алмайды».

Мұстафа Шоқай айтқан бұл пікірлердің казіргі кезеңе дейін еліміздегі біршама орын алып отырғанын жасыруға болмайды. Филолог-ғалым М. Мырзахметов «Қазақ әдебиеті» газетінде Кенес үкіметі кезінде түрлі себептермен тілінен, ділінен айрылған қазактарды «ада қазактар» деп атапты. Бұлар тіл дәстүрінен айрылған; ұлттық ар-намыстан жүрдай, ұлттық сипаттан макрұм ішінара шоқынған аса қауіпті топ. Мұндайлар ұлттық дамуымызға, рухани құндылықтарымызға зор зиян келтіріп жүр деп түйіндейді автор өз ойын. Жасыратыны жоқ, қазақ тілінің бүгінгі мемлекеттік мәртебеге көтеріле ал-

май жатуы — еліміздегі шала қазактар мен ада қазактардың ұлттық, патриоттық сезімінің жоқтығынан, не оның дәрменсіздігінен десек өтірік емес. Түрі қазақ, түсінігі басқа осындай ұрпактың кесірінен қазақ халқы бұрын-сонды болмаған рухани құлдырауға ұшырады. Еліміздегі басқа этностардың (орыс, украин, неміс, еврей, көріс, үйғыр, т.б.) алдында қазақ ділінің (менталитетінің) әлі де болса өз дәрежесіне көтеріле алмағаны өте қынжылтады. Ғасыр басында Мағжан Жұмабаев өзінің «Жазылмақ оку құралдары қәм мектебіміз» деген еңбегінде «...біздің дағдарып тұрған мектебімізді бастап алып кететін даңғыл жол жоқ... Сондыктан оку құралын жазып жатқан азаматтар бұл оку құралы қандай мінезді мектепке арналады — сол туралы ой жүгіртсе ігі болар еді... Кең қазақ мектебіне негіз іздеңгенде, таза, пәк көзінен, яғни мектеп құрылышының қазақ жанына қабысұы жағынан келуі дұрыс болар еді», — деп жазды. (М. Жұмабаевтың бұл ойы қазіргі күнде бағасын жоғалтқан жоқ. Себебі, окулық — мектеп үшін де, окушы үшін де, қоғам үшін де ең басты құрал. Өкінішке орай, бүгінгі окулықтар көпшілік көнілінен шығып жатқан жоқ. Жасыратыны жоқ, бүгінгі біздің жүргізіп отырған тәрбие мәселесі де үлкен проблема ұшырап отыр. Қазір етек жайып бара жатқан нашақорлық, дөрекілік, бей-берекетсіздік пен арсыздықтар, тағы басқа келенсіздіктер оку орындарында да орын алып отыр. Еліміздегі көптеген бұзақтылыштың, ұлтылыштың, қазақ баласының басқа ұлт, басқа дінге кіруі мектеп қабырғасынан басталуын немен түсіндіруге болады? Оның ең негізгі себебі мектептегі тәрбие мәселесінің түбекейлі, жүйелі түрде шешілмей отырғандығынан, тәрбиенің, халықтың ұлттық сипаттынан алшактағанынан деп ойлаймын.»

ХХ ғасырдың ірі тұлғаларының бірі М. Жұмабаев бала тәрбиесінде ұлттық психологияны қалыптастыру, халық педагогикасының негізінде оку-тәрбие жұмысын жүргізу қажеттілігін басты назарда ұстая керек екендігін айтады. «Әр тәрбиесінің колданатын жолы — ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті...» дейділ ол.

70-80 жылдардағы казақ прозасындағы адам концепциясына арналған еңбегінде Ж. Жарылғапов: «Қазақ қаламтерлері кеңестік мемлекет құрылымының халықтар мен ұлттар басына, жалпы адамның абсолютті бостандық аясында дамуына мүмкіндік бермейтінін, өздерінің өмір сүріп отырған орталарының трагедиялық орта екенін өз шығармаларында там-тұмдан болса да білдіре бастады» деген ой тұжырымдайды. Осы орайда «Өз көнілінді көтерем десен, өзгені де көнілдендіре

біл» деген Марк Твеннің ұтқыр сөзі еске түседі.

Біз әлі де Мәскеудің көніліне қарап, солардың аударма оқулықтарын алғы сөзін ғана өзгертуі шыға-ру әдестінен танбай келеміз. Айталық, күні кеше, 1996 жылы жарық көрген оқулықтың алғы сөзінде: «Жоғары оку орындарына арналған «Жалпы психология» атты бұл оку құралы — қазақ тілінде жазылған қолтума енбек. Құралды жазуға ұзак жылдар бойы республика жоғары оку орындарында психология пәні бойынша дәріс беріп келе жатқан тәжірибелі оқытушылар катысты. Мазмұны мен құрылышы жөнінен алғанда атальмыш оку құралы елімізде соңғы жылдары осы пән бойынша жоғары оку орындарына арналып жасалған мемлекеттік бағдарлама талаптарына сойкес жазылды», — дөлінген. Бұл авторлардың ұзак жыл дәріс беріп келе жатқаны мен тәжірибелі екеніне келіспеушілік өз алдына, екіншіден, олар — басқа пән мамандары, үшіншіден, бұл — кеңес үкімі жүріп тұрған кезде пе-дучилищелерге арналып аударылған Ресей оқулығының бірден-бір көшірмесі. Бұл кітаптың Ресей оқулығынан айырмашылығы — жіктелудегі «ұлт психологиясы» катарының «Таптар» және «Саяси психология» қойылған, бірақ олар туралы еш мағлұмат берілмейді. Ең өкініштің, егеменді ел болып, тілім мемлекеттік дәре-жеге, дініміз де өз мәртебесіне ие болғанда «ұлт психологиясы», «Дін психологиясы», сонымен катар «Этно-психология» бағыттың Ресей оқулықтарының төменгі са-тысында қалып қойғаны. (Караңыз: 1, 2, 3-кестелер).

Теориялық тұрғыдан алғанда философиялық және психологиялық қағидаларға сүйенеміз. Философтар дүниетанымды адамның дүниеге көзқарасымен тікелей байланысты дәлелдейді. Көзқарас адамның айналадан, қоршаған дүниеден қабылдаған әртүрлі құбылыстары мен заттары туралы ұғымының жиынтығы ғана емес, ол түрлі нақты фактілер арқылы жинақталған, корытылған, ғылым негіздерімен байытылған білімдерден тұра-тын сана. Қалыптасқан көзқарас бойынша адам өзінің қоғамдағы, тарихтағы орнын түсініп, тіршіліктің мәніне жетіп, іс жүзінде де, саяси, мәдени өмірде де орнын айқындаиды.

Сондыктан мен ғылыми зерттеу жұмыстарында басшылыққа ата-баба мұрасын алыш отырмын. Даналарымыз бен бабаларымыз өз дәүірінің ұрпағына да, кейінгі келер, болашақ ұрпакқа да үн тастай отырып (жоғарыдағы Бұхар туралы мысал) оларды өзіндік, ұлттық құбылыстар арқылы тәрбиелеп отырумен катар жалпы адамзаттық, әлемдік құбылыстарды мүмкіндігінше көбірек беруге тырысқан.

Екі нәрсе барлық тілде жатталар:
Бірі жақсы, бірі — жаман ат болар.
Жақсы болсаң — мактаулы атың сақталар,
Жаман атың датталар.

— 62 — Сөз халықтың қымбаттан да қымбат кені. Тіл, Тарих,

1-кесте. Психологияның жіктелуі (көңестің орыс тіліндегі оқулығында)



Психологияның құрылышы психиканың дамуы мен адамның іс-әрекетіне сәйкес мынандай негіздерге сүйенеді:

- Нақтылық іс-әрекеттердің түрлері,
- Олардың дамуы,
- Азаматтық әлеуметтік ортамен карым-катаңасы.

2-кесте. Психологияның құбыльысы
(К. Жарықбаевтың көңестік оқулығы аудармасында)

Отан, Жер, ең асылың. Сонымен қатар үш-үшті, төрт-төртті, бес-бесті, алты-алтыны, жеті-жетіні т.б. біл деп үйреткен. Адамзат жасап шығарған байлықтың бәрін білу арқылы өзіңін ой-өрісінді байытқанда ғана толық жетілген адам боласың деп ескертіп отырған. Адал еңбек пен адамшылық жоқ жерде адам рухани жағынан және үлттық мәдениет жағынан да жұтаң, тіпті мәнгүртке айналары сезсіз. Оны да Абай «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп ескертеді. Оның

Фылымды іздең,
Дүниенің көзден,
Екі жакка үнілдім,

3-кесте. Психологияның жіктелуі
(классификация)

(Ә. Алдамұратовтың т. б. көңестік аудармасын
курастырган оқулығында)



— деп айтқан өлең жолында терең сыр жатыр. Яғни, Абай дүниетанымының белгілі дәрежеде бастау алар рухани көздерін тануда осы өлең жолдары — акын мұрасының идеясын бірден-бір дұрыс білгізетін нысанан.

Професор С. Негимов. «...Ұлы Абай жазба әдебиеттің негізін қалаған, үлттық поэзия тілін көркейткен көсем, ғайыпты болжаган айыр тілді аруақты шешен, казақ поэзиясына үшан-теніз өзгерістер енгізген реформатор, үлттық музыка өнерін аскар биікке көтерген

біртуар композитор, аударма өнерінің үздік шебері, ана тілінің негізгі сөздік қорын сарқа пайдаланған, соның ну орманына еркін шүйгіген, меруерт толқындарын туыннатқан ерен дарын. Ұлттық мәдениет тарихында әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссави, Қасым ханының қасқа жолы, Есім ханының ескі жолы, даналардың данасы әз Тәүкенің «Жеті жарғысы» қандай қасиетті болса, Абай мұрасы, Абай жолы сондай киелі», – деген.

Одактың кезінде ондай біртуар данамыздың творчествосын насиҳаттап өз халқына ұғындыруға жол берmedі. Сондыктан, Абай сөзін ұлттық ұлтідегі жана окулықтарға енгізіп, егеменді елімізде халқымыздың, орысташып кеткен жастарымызға ұғындыра түсу пәрзымыз. Абай ұлттық психологияға практикамен қатар ғылыми жол салып, тарихи-әдіснамалық, теориялық, методологиялық негізін жүйеге келтіріп құрады. Оның аузы толтырып айтартылған психологиялық концепциясы бар және оның концепциясын жалғастырушы шекіртері де болды.

Сөз адамдарға ақын-жазушылардың ойларын жеткізу үшін ғана емес, сонымен қатар олардың сезімдерін таныту үшін де қызмет етеді.

Оттылық та бар, тектілік тे бар тілімде,
Шешендік те бар, кесемдік те бар тілімде!
Әкемнің құты, шешемнің сүті, сінірген тұла бойыма
Бар асылын халықтың құйған сана, ойыма
Тұған тілім, өркенде бола бер қүшті, көркем де.

Жоғарыда айтылғандар жанды сөздер. Оларды зиялы ағаларымыздың енбектерінен алдым. Оқи, тындағы жүріп халықтың салтын, дәстүрін, дінін, тарихын, тәлім-тәрбиесін зерделедім, тоқыдым. Эрине, қайнайды қаның, ашиды жаның. Өйткені Илияс Омаров ағамыздың айтуынша, «Тіл аса мейірбандықты керек етеді, қисық тілді шығарма сакау адам секілді, кәрі құлакты кеседі, жас құлакқа жаман ұлті болады. Дүниеде сөздің дергінен өткен ауру жоқ, сөздің шарапатынан дауалы шарапат жоқ, ол өмірге қызмет етеді». Сондыктан жоғарыдағы аударма окулықтардағы (1, 2, 3-кестелдердегі) психология ғылымының жіктелуіндегі ұлттық психологияның орнымен көліспеймін.

Тілдің ұлттық сана-сезімді дамытудағы орны ерекше. Тіл – ұлттық қадір-қасиеттің жаршысы. Ұлттық психология өзінің ерекшелігімен өзгеше нәрсе.

Ерте заманда шешендік өнер Мысыр, Вавилон, Ассирия, Қытай, үндістан елдерінде өркенде дамыған. Алайда, осынау өнердің үзілмес тарихы көне Грекиядан басталады. Өйткені, шешендік өнер қоғамдық қажеттіліктен туды, құл иеленушілік, қоғамдық әлеуметтік даму өрістеп, демократияның жандануына

жойқын қозғаушы күш ретінде тарих сахнасына шықты. Б.з.д. V ғасырдың екінші жартысында грек-парсы соғысынан кейін, Афинада және оның қоғамдық өмірінде мемлекет істерінде, саясат майданында маңызды факторға айналды.

Бұл қасиетті, киелі өнерді ықжадаатпен үйрену әрбір грек азаматының асыл парызы болған. Мінеки, осы уақытта риторика ғылымы шықты. Шешендік өнерге баулитын тәлімгер ұстаз (ритор) мамандығы пайда болды. Ал оратор — латынша оғеге яғни сейлеу, ғайыпты болжака деген мағынаны білдіреді.

«Риторика» терминдік аталаудың әуелгі әрі негізгі мағынасы шешендік өнердің теориясы дегенді береді. Сондай-ақ сыртқы сымбаты сұлу, мағынасы кемшін қызыл тіл дегенді сезідретіндігі бар.

Атамзаманда адамзаттың рухани болмысының негізгі арналары — риторика мен философия саналған. Әу баста бұл әдебиеттің ми-тамыр жүйесі болып есептелген. Асылы, шешендік өнер және оның теориясы — ұлттық мәдениеттің бөлінбес бөлшегі.

Сондыктан жалпы психологиядағы жіктелудегі берілген баға үйлесімсіз, түсініксіз, тіпті мәнсіз деп есептеймін. Бұл окулықтардың Ресей окулығынан айырмашылығы — жіктелудегі «Ұлт психологиясы» қатарына «Таптар» және «Саяси технология» қойылған, яғни «Ұлт психологиясы» «Макроорталық құбылыстар» көлөнкесінде қалып қойған. Бұл — бір. Екінші, «Тіл психологиясы» мұлдем ескерусіз қалған. Үшінші, «Тіл жоқ жерде, ұлт жоқ» (Шыңғыс Айтматов), «Менің ана тілім ертең өледі десе, мен бүгін өлер едім» (Расул ғамзатов), «Ана тілің — арың ұлт» (Сұлтанмахмұт Торайғыров) деген ұлағатты сөздерді еске алсақ, өз кадірімізге өзіміздің жете алмай жүргеніміз тебірентеді. Ойдан ой туады. «Егер сені ешкім қадір тұтпаса, мұның себебі өзінде екенін ұмытпа», — деген Ф. Додридж сөзі осындауда айтылса керек. Өзімшілдік сезім жәбір керсе, оны көтеруге болады, егер бар мәселе сонда тұрған болса ол туралы үндемей-ақ қоюдың ақылын табуға болар еді. Ал ақиқаттық сезім, адамгершілік сезім жәбір көретін болса, оған төзуге болмайды.

Менің пікірімше, әсіресе бүтінгі көк туымыз желбіреп, тәуелсіздікке ие болып, егеменді ел болғанда, ол жіктелу қараныз мына төмендегі 4-кестеде берілген ұлтідей болу керек.


Мінеке, осында жіктелуде 1. жалпы, классикалық, ұлттық психологияның ұқсас, бірдей жақтарымен олардың айырмашылығы мен өзіндік ерекшеліктері де айқын көрінеді. 2. Тіл дегеніміз — сөздік белгілердің жүйесі. Ал белгі — шындық пен болмыстың білдіретін бөлшек. Оның екі түрлі мәні бар: «Біріншісі – оның

көгамдық-әлеуметтік мәні. Екіншісі — ол арқылы адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, пікір алысады».

3. Сонымен қатар психологияғының тіл білімінен ерекшеленіп, оның түрлі жағдайда қолданылуы мен атқаратын қызметтің, қазіргі кезеңде тіл білімі мен психологияның түйісінен психо-лингвистика (тіл психологиясы) деп аталағының саласы пайдаланылады. Осы саладағы ғалымдар психологияғының жіктелуінде орынсыз қалған тілді бір сала етіп енгізіп және оны негізгі сала деп бірінші орынға қойғанымды құпташып, қолдады. Шын көнілден ғалым ағалар мен апа-

4-кесте. Психологияғының жіктелуі (класификация)

(К. А. Оразбекованаң оқулық-монографиясында)



ларыма рахметімді айтқым келеді. Бұл менің ойымның, тұжырымының дұрыстығын көрсетеді.

4. Сөз – адам үшін тәрбие құралы, білім-мәдениет, өнер бастауы, тұп қияннан бері жасалып корланып келе жатқан ақыл-ой қоймасы, әсем бай қазынасы. Әйгілі түркі білімпазы және ақыны Жүсіп Хас-Хаджіп Бала-сағұні өзінің «Құдатқу білік» (1168) кітабында:

Адам көзінің нұры –
Жұзінің шырай-түрі.
Тіл деңегін – ақыл гүлі,
Тілде жатар сөздің сырьы, – депті.

5. Сөйлеу әрекеті психологияғының дағы өзекті наимысты мәселелер қатарына жатады. Сонымен қатар ол ұл болу жолындағы төрт қажетті өгізгі шарттың бірі. Ендеше оған өзінің тиісті орнын берген дұрыс деп есептеймін және солай жасап отырмын. Болашақ ұрпақ осы ойга мән беріп, мұрын тірең бұл мәселелердің бүгінгі, кейінгі, әлемдегі ғылыми жетістіктерін пайдалана отырып, ата-баба асыл мұрасына терең бойлап жұмбақ, сырларын терең ашары анық. Сәт тілеймін.

ӘДЕБІЕТ

1. Құдайбердіұлы Ш. Уш анық. Алматы, 1981. 6-б.
2. Қаратаев М. Абайдың кайта оқығанда // Қазақ әдебиеті. 1984. 10 тамыз.
3. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. Алматы, 1983. 49-б.
4. Ауэзов М. Мысли разных лет. Алма-Ата, 1961. С. 56.
5. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1, 2-т.

Алматы: ғылым, 1993. 116, 187-66.

6. Қарашев Омар. Шығарм. Аға тұлпар.

7. Әуезов М. Ұақыт және әдебиет. Алматы: ҚМКӘБ, 1962. 34-б.

8. әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973. 283–302, 310–318, 346–348-бб.

9. Гамзев М. В., Домашенко И. А. Атлас по психологии. М.: Просвещение, 1988.

10. Общая психология / Под ред. Петровского. Изд. 2. М.: Просвещение, 1977.

11. Богословский В. В. Жалпы психология. Алматы: Мектеп, 1980.

12. Алдамұратов Ә. т.б. Жалпы психология. Алматы: Білім, 1996. 3, 14-бб.

13. Жарықбаев К. Психология. Алматы: Білім, 1993. 9-б.

14. Құдайбердіұлы Ш. Қазақ шежіресі. 1911. 14-б.

15. Аймауытов Ж. үлті мектептері керек // Жаңа мектеп. 1925. №11–13.

16. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. Орынбор: Госиздат. 1926. 186-б.

17. Аймауытов Ж. Сабактың комплекстік жүйесі. Қызылорда.

18. Аймауытов Ж. Ана тілін қалай оқыту керек // Жаңа мектеп. 1925.

19. Дауіт С. Төле би. Алматы: Жалын, 1993. 51–66-бб.

20. Торекұлұлы Н. Қазақтың би-шешені. Алматы: Қазақстан, 1995. 55-б.

21. Хасенов Б. Ана тілінің даму тарихы мен әлеуметтік мәні, Алматы: Ана тілі, 1993.

22. Толеберген Б. Қомбеге зерек үнілсек // Қазақ әдебиеті. 1997. 19 маусым. №23. 15-б.

23. Түркеш Алтарслан. Тоғыз нұр / Азат. 1992. акпан. №2 (28). 5-б.

24. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 1976. 65-б.

25. Қебесов А. Сөнбес жүлдyzдар. Алматы: Қазақстан, 1979.

26. Қоңыратбаев Ә. Коне мәдениет жазбалары. Алматы: Ана тілі, 1993.

21.06.06ж. түскен күні